

6. Жүсіпов Н.Қ. Қазақ фольклорын жинау мәселелері: XX ғасырдың бірінші жартысы. Оқу құралы. – Павлодар: Brand Print, 2010. – 181 б.
7. Әуезов М. Әдебиет ескілігін жинаушыларға. Қазақ тілі. 23 сәуір 1925.
8. Бабалар сөзі. Жүз томдық. – Астана: «Фолиант», 2008.

### **Ж.Қ. Смағұлов**

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің профессоры,  
филология ғылымдарының докторы  
**Г.Е. Сайрамбек**, 1-курс магистранты

## **ҚАҒАРМАН Т. ӘУБӘКІРОВ ТУРАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ БАСТАУ КӨЗІ**

Қазақ қыраны Тоқтар Әубәкіров туралы жазылған мақалалар мен шығармалар 1990 жылдардан бастап қарқынды жазылып келеді. Алғашқы сынақшы-ұшқыш қазақ туралы БАҚ-та көптеген өмірі мен құпия қызметіне қатысты мәліметтер келтіріліп шығып жатты. «Жұлдыздар биікте жанады» деген атаумен Максұм Омарбеков Егемен Қазақстан газетінде мақаласын жариялайды. Бұл «National Digital History of Kazakhstan» ғаламторында тәуелсіздігіміздің 25 жылдығы мен Тоқтар Әубәкіровтің ғарышқа ұшқанына да 25 жыл толуына орай газеттің тарихи беттерімен материалдарды бұқараға көрсетеді. Автор Совет Одағының батыры атағын алған бірқатар батырларымызды Талғат Бигелдинов пен Нүркен Әбдіровтің жолын жалғастырған батыр Тоқтар Әубәкіров деп көрсете жазады. Алғы сөзінде «Күллі қазақ атынан ғарышқа ұшқан тұңғыш рет мүмкіндік алып отырған Қарқаралық батыр бауырымыз туралы», – деген аңдатпа береді. Ғарыш әлеміндегі алғашқы жаңалықтар осылай басталады.

Бүгінге дейін ғарышкерімізге арнап жүзден аса мақалалар мен терең толғаулар, естеліктер-эсселер жазылды. Талғат Сүйінбай, Жүсіпбек Қорғасбектің «Ғарышкер»(1994) еңбегі қазақ ғарышкерін алғашқы ғұмырнамасын жазып, Шерхан Мұртаза, Олжас Сүлейменовтің қолқасымен шығарды. Тырнақалды зерттеулер осылайша басталып кетеді. ХХІ ғасырдан бастап газеттерде ғарышкердің оқиғаларын сіңдіре жазады. Асауов Д. «Жерде жүр, жанарынан от бораған аспанды аңсап жүрегі, Тоқтар ағам!» (2006), Байтұрсын Т. «Ғарышкердің ұстаздары» (2003), Ермекбаев Т. «Ғарышта – қазақ қыраны» (2001), Жәмкенов С. «Арқадан ұшқан ақиық» очеркі (2006), Жөкіпбаев Е. «Ғарышкер Тоқтарға» (2001), Жұмағали С. «Қазақтың һас батыры» (2006), Мақұлбек Р. «Тұңғыш» (2005), Б. Нүржекеұлының құрастыруымен «Жүз тұңғыш» 2-кітап (2005), Зұлқажаев А. «Батырымызды бағалай білеміз бе?:Т.Әубәкіров - 60 жаста» (2006), «Көркемсуретті Қазақстан тарихы»4-том: Қазақстан ХХғасырдың екінші жартысынан біздің уақытымызға дейінгі тарихты құрастырған О.Жанайдаров (2007) қазақ энциклопедиясы, Мақаш Д. «Ғарышкерлер мүйісі» (2001), Махамбет М. Ерлік Ақыл парасатынан туады: (Кенес Одағының Батыры, Халық Қаһарманы, запастағы авиация генерал-майоры Т.Әубәкіровпен сұхбат) // Қазақстан сарбазы(2004), Сланбекұлы М. Қыранын аялаған Қарқаралы үш жүздің басын қосты» (2001), Тайшыбай З. «Тоқтар Әубәкіров және "Адмирал Кузнецов: тарих және тұлға» (2007), Тұяқова А. «Ғарышты бағындырған қазақ: Тоқтар Әубәкіровтің ғарышқа ұшқанына - 15 жыл» (2006). Ал ғасырдың оныншы жылдары төңірегінде Әубәкіров, Т. "Қазақтың намысы екенімді ұққан күнім..." Талғат Сүйінбай (2011), Әубәкіров, Т. «Ғарышта алақанына сыйып кетердей, бейкүнә, тап- таза, көкпенбек боп көрінген жерді құшағына алып жылағың келеді» Жұлдыздар отбасы Аңыз адам журналында 2013 жарық көрді. Әубәкіров, Т. "Киелі қасқырға кезелген мылтығымның оқтары шашылып қалды" Арқа Ақшамы (2016), «Ғасырға бергісіз ғарыш» Қазақстан кәсіпкер (2015) жылдары жазылды. Көптеген мақала, сұхбаттардың жарыққа шыққанын көреміз. Жаза берсең бұл тізімнің соңына жетпейміз. Жүзге жуық мақалалар «Орталық Қазақстан», «Егемен Қазақстан», «Қазақ әдебиеті», «Айқын» және бұдан өзге газет-журналдар жарыққа шығарып отырды. Оған көптеген зерттеушілер, журналистер үлкен үлес қосты. Ш. Күмісбаев «Тұңғыштар» (2012), М.Сембай, М.Асанның құрастыруымен «Наркескен» жинағы кітап болып (2016) шықты. Бұдан өзге Мағауия Сембайдың «Ғарыштағы пәтер» (2019), Талғат Сүйінбайдың «Тонини қайықта тұрып жатыр»(2020) мақалалары, Т.Әубәкіровтің «Тіл» газетінде 2012 жылы «Бірнеше тіл білген ұтылмайды», "Қазақтың намысы екенімді ұққан күнім..." Талғат Сүйінбайдың 2011 жылы «Егемен Қазақстан» газетіне жазған мақалалары бүгінге дейін шығып келеді. «Байтақ елімнің Байқоныры» атты мақала Тоқтарға арналып «Орталық Қазақстан»

газеті 2013 жылы арнап шығарады. 2013 жылы «Жұлдыздар отбасы» журналының №7 санында «Ғарышта алақанына сыйып кетердей, бейкүнә, тап- таза, көкпенбек боп көрінген жерді құшағына алып жылағың келеді» деген мақала шығады. «Арқа ақшамы» газетінде "Киелі қасқырға кезелген мылтығымның оқтары шашылып қалды" дейтін сұхбаты жарияланды. «Егемен Қазақстан» газетінің 2015 жылы шығарған «Ғарышты шарлап қайтқан жыр» деген мақаласы бар.

Ғарышкер Тоқтар Әубәкіровтің ерлігін, батылдығын суреттейтін «Наркескен» кітабын негізге алып, құрастырылған кітаптағы естеліктерге тоқталмақпын. Кеңес Одағының Батыры Валерий Меницкий(1944-2008) «Аспандағы ағайындар» деп аталатын естелігінде батырымыз туралы «Шығыс перзенті»: «Біз теңіз бригадасын құрдық, оның құрамына Тоқтар Әубәкіров, Анатолий К., Роман Таскаев және мен кірдім. Төртеуіміз фирманың аса ауқымды теңіз бағдарламасын жүзеге асырдық. Жобаны мен Беляковқа бекіттіріп алғанмын. Бұл бағдарламаның маңызы – теңіз үстінде ұшудан тәжірибе жинақтау болатын... Осы кезде Тоқтар өзін жақсы көрсетті», – деп, Тоқтар ағамыздың рекорд орнатуындағы ерлік алды істерін баяндай өтіп, ұлтын сүйетін ұлды былай деп суреттейді: «Ахтубинск полигоны. Біз маршал Евгений Яковлевич Савицкий екеуіміз баспалдақтан түсіп келе жаттық, қарасам – алдымыздан Тоқтар шықты. Мен Тоқтарды маршалға таныстырдым. Евгений Яковлевич дереу: Мынаны қара, қандай сымбатты жігіт! Мықты жігіт екен! Валера, ол неғып МиГ-31-мен ұшпай жүр? – деді. Ол ұшақтысынауды жанадан ғана қолға алғанбыз, Тоқтар оған отыруға әлі үлгере қоймаған. Бұл сұрақ маған емес, Александр Васельевич! – дедім мен. Уақыт жеткенде Тоқтар білегін сыбанып тұрып кірісетін шығар. Жарайсың! Шынында да сымбатты екенсің! – деп мақтауын жалғастырған Савицкий кенет: Татарсың ба? – деді. Жоқ, қазақпын! – деді Тоқтар түзетіп. Татар ма? – деді құлағының мүкісі бар маршал қайталап. Қа-аз-ақ!!! – деді Тоқтар. А-а, татармын де, – деп Савицкий жүріп кетті. Мен түтігіп тұрған Тоқтарға жымыяп: Көңіліңе алма. Евгений Михайловичтің оң құлағының мүкісі бар, естімейтін құлағы жағына айттың ғой! – деп жымыя жұбаттым. Тоқтар жадырап сала беріп, өкпелемейтінін айтты. Савицкий кейін де, Тоқтар туралы ылғи да сұрап, жағдайы қалай, немен айналысып жүр деп мазалап қоятын. Атақ-абыройдың бәріне де таза өзінің еңбегімен жетті... Біздің фирма сондай тамаша ұшқыш азаматты тәрбиелеп шыққанын мақтан тұтады...», – деп түлегі үшін риза екендігін жеткізіпті [1, 10-15]. Бір қарағанда естелік біраз ақпараттың көзін ашқандай болады. Себебі, ғарышқа ұшуға қолдау білдіріп, оның «бұл мәселе екі адамның – Президент М.Горбачев пен Қорғаныс министрі Дмитрий Язовтың қолында. Нұрсұлтан Назарбаев Язовқа телефон шалып, мәселені табан астында шешіп алды», – деген. Осында Горбачевтің ісі туралы алдыңғы тарауларда айтылған болатын. 2005 жылы шыққан жазушы Бексұлтан Нұржекеұлының құрастыруымен «Жүз тұңғыш» еңбегінің екінші кітабында: «Шовинистік көзқарастың орын алуы – оның ерлігіне қарай Кеңес Одағының Батыры атану жолын кескен. Сол кездегі Мемлекет басшылығындағы Компартияның саяси бюросында жабық мәселесінде авиакрейсерге ұшақ қондырған қазақ жігіті екенін білген Бас хатшы Горбачев: «... осына ужауапты міндетті орындайтын қалайша ғана орыс фамилия табылмады», – деп бас конструкторды бас салады. Ол ол ма тіпті әйгілі МиГ фирмасы Тоқтар Әубәкіровті екі жылдың ішінде он рет Совет Одағының Батыры атағына ұсынған. Горбачев тоғыз рет Тоқтардың есімі жазылған құжатты кері қайтарған», – деген соң, арғы жағы белгілі [2, 665]. МиГ фирмасының беделі тасып тұрған шақта дегеніне жеткізіп, қазақ қыранының талантын мойындатқан.

Бір ғана Тоқтар есімінде бар қазақ осы есіммен байланысып, ардақталып тұрғандай. «аспанға ұшқан мен емес, халқым» деген арысты сөзін алғанда, бұған айғақ болар еді. Батыр туралы естеліктерді жазып қалдырған журналист Мағауия Сембай «СССР Тоқтарға қарыз» деген мақаласының «Қымыз» деген тақырыбында былай дейді: «Таңғы сағат жетіде кезекке тұрдым, – дейді Тоқтар сол күндерді еске ала отырып. – Содан ес кетті, жан шықты дегенде түс ауа әзер кірдім. Буыным босап, әлім кетіп, жүруге шамам келмей қалды. Тепсем, темір үзетін кезім. Сондағы әлсіреп қалған күйіме осы күнге дейін таң қалам. Қазақтың бір жас жігіті «ағай қымыз таусылыпты, қымыран қалды» деп ағарған әкеліп берді. Сусыным қанбады. Әл-қуатым таусылып, көзім қарауытып барады. Қарағандыға баруға бел будым. Тоқаң бастығына телефон шалып, Қарағандыға барып келуге сұранады. Рұқсат алады... Елге, жерге асығып, бір жұтым қымызға зар болып келе жатқан Тоқтар ағамызға «ИЛ-18» ұшағы өгіз арбадай көрінген шығар деп ойладымыз осы сәтте... Қарағандыға табаным тигенде таңғы мезгіл еді. Аэропорт алдындағы шағын сауда жасайтын қатар-қатар тізілген столдардың біріне үш литрлік банкімен ағарған қоя берді бір апай. Жетіп бардым. Бағыма қарай қымыз екен. Басыма бір ақ төңкердім, – дейді Тоқаң. Қымызды бапты, тәтті ме екен? – деп оқыс сұрақ қойсын Тоқаңа шұбат әкелген Қарағанды хайуанаттар паркінің директоры, өзі сері, өзі әнші Абылай Шуланбаев... Тоқаң аэропортта аңсап келген қымызын мейірлене сіміреді. Маңдайынан суық

тер бұрқ етті дейсің... Буын-буынына көшпенділер қаны жүгірді, тұла бойына әл кірді, жүрегіне нұр құйылды, көзі жарқырады, Сарыарқаның салқын самалына апайтөсін керді. Ең бастысы – елге, жерге деген сағынышы сая тапты. Сол бетте такси алып, Теміртаудағы анасының басына құран оқытып, апа-жездесімен, жиендерімен қауышып, сол күні Мәскеуге дарылдаған «ИЛ-18», – деп жазады [1, 29]. Естеліктің одан арғысы «Нағашы» деп аталынады. Онда былай делінген: «...Ырымшыл қазақ тағы көз тиіп жүрмесін деп нәресте Тоқтарды қырық кемпірдің астынан өткізіп, қырық кемпір әкелген қырық құрақ шүберектен иткөйлек тігіп кигізеді. Сонда анасы қырықтың бірінде, әкесі қырықтың тоғызында екен», – дейді [1, 31]. Ал «намыс» тақырыбында жазылған: «Мұқым мұсылман әлемінде «тұңғыш» деген сөз қолданғам басында Тоқаң туралы. Сол мұсылмандар шын мәнінде біздің Тоқаңды Пайғамбар демейтін шығар, бірақ пір тұтады екен. Тәжік-ауған шекарасындағы бізге беймәлім бір шаруаға Тоқаң барады. Тікұшақпен сапарлаған. Ауғаны бар, тәжігі бар, содыры, сойқаны бар – эфирге «Аспанда Т.Әубәкіров ұшып жүр, атыс-шабысты доғарындар» деген бұйрық жіберіпті. Тоқтар ағамызды тәу еткен ғой. Тоқаң елге оралғанша мамыражай бейбіт заман орнапты сол жерде. Сол елдің патшасы Тоқаңа таң қалыпты», – дейді Мағауия Сембай [1, 35]. СССР-дің неге Тоқтарға қарыз? Деген сұрағына өзі: «СССР деген империя әлі тұрған ол кезде. Кремльдің награда тапсыратын Георгиев залындағы сөзі түпнұсқада «Тот, кто не кормит свою армию, тот преклонен кормить чужую армию. Михайл Сергеевич, Вы ведете страну на гибель», -депті батыр. Маршал Шапошников «Ну, Аубакиров» дегеннен аса алмапты. Горбачев алдындағы шампанын ішпей табанын жалтыратыпты [1, 36]. Тоқтардың әділеттігі мен шыншылдығымен бірге болатын. М.Сембайдың «Емтихан» деген естелік-эссесінде ғарышкердің өзімен айтқан әңгімесінен жазып алады: «Армавир ұшқыштар даярлайтын училищесін бітіріп, біршама уақыт қиыр Шығыста әскери ұшқыш, сынақшы-ұшқыш болғаннан кейін білімімді көтеру үшін Мәскеудің авиация институтына оқуға түстім. Ұмытпасам, үшінші курс болу керек. Аэродинамика сабағынан бойы екі метрге жуық алпамсадай Л. А. Бедерцкий деген профессор лекция оқып жатыр. Амфитеатр тәрізді кең аудиторияда шыбын ызыңы естілердей тыныштық. Тақтаға аэродинамикаға байланысты чертежді сызып тастады. Бір сызығы қате. Шыдай алмай атып тұрып, «Мына чертеж күйінде жасалған ұшақ құлайды» деп қаттырақ айтып қалдым», - деп еске алған. «Леонид Аскольдович осы аэродинамиканың жілігін шағып, майын ішкен СССР-дегі бірден-бір білгір ғалым екен. Өзі «Аэродинамиканы мен ғана беске білемін» дейтін көрінеді. Студенттерге қатал. Метаанализ математикатерге қалай қиын болса, аэродинамика ұшқыштарға сондай ауыр сабақ екен. Емтиханнан үш алып құламай шықса, қуанады екен кәнігі ұшқыштардың өзі. «Бұл қайсың, білгішсініп тұрған, - деп профессор гүр ете қалады. Аубакиров, жолдас профессор, - дейді Тоқаң. Мен тақтаға чертежді әдейі қате сыздым. Қайсың аңғарады деп. Ешқайсың үндемейсің. Жарайды, лейтинант, емтиханды тек қана маған тапсырасың, - деп профессор Тоқаңның әуелесін көрсек болады. Қиқар үшін бүкіл деканат уайымдайды. Бәрі қазақтың жас ұшқышын жақсы көреді екен. Әсіресе, деканы әбігер болады. «Ол қатал, сені емтиханда қайтсе де құлатады. Сондықтан Бедержицкий емтихан кезінде шығыпкеткенде, тез кіріп, билетіне дайындалмай-ақ жауап бер» деп Тоқаңды әзірлеп қояды. Солай болады да. Билетті алып, жауап беруге әзір екенін айтқанда ту сыртынан профессор гүр ете қалады. Ал, Аубакиров мықтысың ғой. Даярлықсыз жауап бер, - деп қарап тұр екен. Келсең кел дегендей отыра қалып жауап бере бастайды... Оқу бағдарламасының барын да, жоғын да сұрап, аэродинамиканың бүкіл ұңғыл-шұңғылын зерттейді. Ақыры, әбден профессор зачет кітапшасына «бесті» қонжытып, келесі екі бетінде де алда оқитын екі курс үшін де, үздік бағаны қойып береді. Аубакиров, қалған екі курста аэродинамика сабағына келмей –ақ қой. Бәрін біліп тұрсың. Студенттерге қазір сабақ беруге білімің жетеді, –деп арқасынан қағып, қатты риза болыпты», – деген екен [1, 45-46].

«Жер тартылысын жеңген қазақ» атты мақаласында Қайнар Олжай: «Қазақтың алғашқы ғарышкері Тоқтар Әубәкіровтің атағы мен абыройынсыз да бір басына жетерлік еді. Кеңес Одағының Батыры деген атақты бұдан үш жыл бұрын әскери авиацияның жаңа самолеттерін алғаш меңгергені үшін алған. Журналист Еркін Мұсабеков 2016 жылы «Орталық Қазақстанда» жариялаған «Қыран қанатындағы қасиет» атты естелігінде: «1991-дің қоңыр күзі. Одақтың берекесі қашып, орға жығылғалы тұрған сәті. Тұңғыш президентіміз Н.Назарбаевтың пәрменімен тұңғыш ғарышкеріміздің ғарыш сапары рәсімделген. Яғни Тоқаң СССР –дің соңғы, ал қазақтың тұңғыш космонавты. Қазақ елі толқып тұрды. Қазан айында жеті қат көкке қадалған. Жанарымыз қараша желтоқсанда да жер шұқымады. Өйткені, алаш жұртының қыран ұлы –Тоқтар Әубәкіров аспандағы Аллаға жердегі жұртының аманатын арқалап ұшқан еді. Тәуелсіздік алғалы тұрған елдің тағдырына тәңірінің ырзалығын алып оралған. Көкке самғаған қыранның аптаға созылған ғарыш сапары қазақ елін ерекше

рухқа бөленді. Сол рухпен біз тәу етер жалғыз киеміз тәуелсіздігімізді жарияладық!» («*Орталық Қазақстан*» газеті).

Аңыз адамның арқау етені – халық. Халық анасы қамқоры. Көсем Әлихан айтқандай «қазақ сәби сияқты» дегеніндей. «Иә, Тоқаң – тұтас түркі жұртынан, исі мұсылман әлемінен шыққан тұңғыш ғарышкер. Алайда, осы мәртебені Тоқтарға қимай жүргеніміз өкінішті-ақ. Даукестілікке салып: «Тоқтар Әубәкіров – СССР-дің ғарышкері, Талғат Мұсабаев – тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш ғарышкері» дегенді айтып жүрміз. Рас, Тоқаң – СССР –дің соңғы(ұшу реті бойынша 72-ші) ғарышкері. Бірақ Түркия мемлекеті Тоқаңның ерлігін мойындап, оған «Түркі әлемінің тұңғыш ғарышкері» ресми статусын неге бізден бұрын берді деген сауал толғандыра ма Сізді? «Бізден бұрын» дейміз-ау, біз әлі де қимай жүрміз. Ел білетін, мен білетін Тоқтар аға атаққа құмар жан емес. Алайда, бүгініміздің әр сәті ертеңгі тарих екенін біз естен шығармауымыз керек қой. Сөз жоқ, Тоқаң СССР-дің соңғы ғарышкері болып та қалады тарихта. Ерлікті бағалауға біз енжар болғанымызбен, біздің асылымызды ардақтайты елдер мен Халықаралық ұйымдар бар. Мәселен. Америкадағы әлемнің таңдаулы он ғарышкерінің есімі жазылған тақтада Тоқтардың есімі үшінші болып тұр. Бұл – баға! Тарихи баға! БҰҰ-ның ресми сайтындағы хабарламада: «... Средни них есть послание первого казахского и последнего советского космонавта Тохтара Аубакирова. Короткая надпись с подписью космонавта, оставленная им 5 сентября 2011 года, гласит: «Мир без границ!» делінген. Енді мойындайтын шығармыз... Тоқаңның Тұраннан – Тұңғыш екенін!.. Гагарин Ресейдің Саратов облысына қонған шығар. Кейін ұшқан ғарышкерлердің дені біздің Сарыарқаға қонған. Қазақ халқының ыстық ықыласына бөленіп, иығына шапан жаппаған ғарышкер – кемде-кем. Арқа жұртының назары – әлі де көкте. Қыраны – көп, өйткені. Бірегейі –Тоқтар Әубәкіров!», – дейді. Қазақтың бүгінгі батыры, жауһары Тоқтарды құрметтеу, ұмытпау, жас ұрпақты рухтандырып, тарихпен сөйлетер ақиқат дерек.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Наркескен, құраст.: М.Сембай, М.Асан – Қарағанды, 2016. – 168 б.
2. Жүз тұңғыш [Мәтін]; 2-кітап [құраст. Б. Нұржекеұлы]. – Алматы: Жалын, 2005. – 718 б.

#### В.Т. Абишева

Д.ф.н., профессор кафедры журналистики Карагандинского университета  
имени академика Е.А. Букетова  
vera.abisheva@mail.ru

### ПРОЦЕССЫ КОНВЕРГЕНЦИИ КАК ФАКТОР ТРАНСФОРМАЦИИ МЕДИАСИСТЕМ

Главной ценностью в современном мире становятся информация и знания. Изменения в области информационных и коммуникационных технологий, связанные с новейшими достижениями, в эпоху глобализации стимулируют поиск инновационных форм, оригинальных моделей деятельности традиционных и новых масс-медиа. Их внимание смещается в те сферы, которые в большей степени обращены к процессам познания, осмыслению реалий, достижению взаимопонимания между людьми, что, безусловно, предъявляет повышенные требования к качеству подготовки публицистических материалов.

С внедрением инновационного формата характер масс-медиа становится многосторонним. Происходит модификация форм и содержания медиапродукта, существенно изменились технологии коммуникативного воздействия и средства влияния на аудиторию. Наблюдаем расширение спектра информационных и развлекательных материалов в отечественных СМИ. Актуальными стали онлайн-газета, веб-телевидение, радио в интернете.

Процессы интеграции инновационных процессов в сфере хранения и распространения разного рода информационных продуктов, а также объединения ранее разобщённых медийных средств, что получило название конвергенции, в мировой коммуникативистике констатировались учёными со второй половины *прошлого века*.